

«Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2022-2023 оқу жылындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасының
жылдық талдамасы

«Кітап – білім бұлағы» демекші, мектеп кітапханасы кішкентай болғанымен атқарар қызметі үлкен. Бұл орын – оқушылардың шығармашылық жұмыстармен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Кітапхана оқырманның талап-тілектерін қанағаттандырып, оқумен тәрбиелеп, қажет болған жағдайда тиімді шешімдерді қабылдауды үйретеді.

Оқушының ойлау қабілетін қалай дамытуға болады? Оқушылардың білімге қызығушылығын оятуға не әсер етеді? Осы сұрақтарға тек педагогтар ғана емес, сонымен қатар кітапханашылар да ойлануда. Әр кітапхана оқырманның жеке басының дамуын, қызығушылығын арттыруды көздейді. Мектеп кітапханасы – мектептің жүрегі, бір бөлігі. Жаңа заман компьютер дәуірі болғанымен рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның келер шаңырағы – кітапхана. Ыбырай Алтынсариннің «Туы бірдің түбі бір, жолы бірдің жүгі бір» деген аталы сөзіне ден қойсақ, бала тәрбиесі – баршамызға ортақ.

«Оқуға құштар мектеп » жобасын іске асырудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын басшылыққа ала отырып «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жоспар жасалып ,бекітілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шаралар мектеп сайтына салынып, желілерде жарияланды. Әр ата-аналар жиналысында кітап оқу мәселелері бойынша ата-аналарға айтылады. Жоспарланған жоспар бойынша іс-шаралар өткізіліп отырды. Атап айтсақ: Көрмелер ұйымдастырылды. **Көрменің мақсаты:** Оқырмандарды кітап арқылы оқуға шақыру, зияткерлік және шығармашылық жұмысқа тарту. Кітап көрмесі кітапханалық-бибарнайы іріктеліп, жүйеленіп оқырмандардың танлиогграфиялық қызмет көрсету бір түрі болып табылады. Кітап көрмесі белгілі бір мақсатта ысуы үшін іс-шаралардың көрнекілік насихаттау түріне жатқызылып ұйымдастырылады. 5-минуттық, 20 минуттық дауыстап оқуы өткізілді, кітапханаға саяхат (даярлық сыныппен 1- сынып оқушылары үшін), ертегілер еліне саяхат (1-4 сыныптар үшін), демалыста кітап оқимыз, отбасымен кітап оқимыз, мектепке кітап сыйла акциясы, мәнерлеп оқу сайысы.



Көрме : Мұқағали Мақатаев, Ұлылардың ұлысы-Абай



Қазақстанның 30 жылдығына-30 кітап

Жаңа кітап



Буккроссинг

«Оқуға құштар мектеп» бұктеме



5-минуттық оқу

20-минуттық оқу






Оқуға құштар
аясында:
Отбасымызбен
кітап оқимыз



Оқуға құштар

аясында:

«Менің кішкентай кітапханам».



Оқуға құштар мектеп аясында «Оқу және жазу мәдениеті күні»



«Оқуға құштар мектеп» аясында жоспарланған жұмыстар өз нәтижесіне жетті. Оқушылар қызығушылық танытып, жақсы қатысып отырды, оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілді. Алдағы уақытта да бұл жұмысты жақсы атқарып, жақсы нәтижелерге жетеміз деген ойдамыз.